

«Қызылорда облысының білім басқармасының Е.Әуелбеков атындағы №4 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қамқоршылық кеңесінің хаттамасы

Өткізілген күні: 15.10.2024 жыл

Қатысқандар:

1. Қ.Ақишева – мектеп-лицей-интернат директоры
2. М.Бекишова – Қамқоршылық кеңес төрайымы, Қызылорда қалалық мәдениет және спорт бөлімінің бас маманы
3. Т.Шалбаева – қамқоршылық кеңес мүшесі, «Петро Қазақстан Құмкол Ресорсиз» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары
4. Б.Жаппасбай – қамқоршылық кеңес мүшесі, Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті әкімінің орынбасары
5. А.Мұсабаева – қамқоршылық кеңес мүшесі, Қызылорда қалалық мәслихат депутаты, Облыстық Аналар кеңесінің төрайымы
6. Н.Нұрғалиев – қамқоршылық кеңес мүшесі, Қорқыт Ата атындағы Университетінің оқытушысы
7. Б.Әбдіқалиев – қамқоршылық кеңес мүшесі, Б.Ермекбаев атындағы №271 орта мектебінің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
8. Э.Жұманова – қамқоршылық кеңес мүшесі, Қ.Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназия мұғалімі
9. Э.Пальмова – қамқоршылық кеңес мүшесі
10. Н.Жанахаева – Қызылорда облыстық полиция департаменті тылмен қамтамасыз ету басқармасы инспекторы

Күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. 2024-2025 оқу жылында «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығына сәйкес мемлекеттік аттестаттау алдындағы лицей-интернатының өзін-өзі бағалау қорытындысымен таныстыру есебі.

Тындалды:

Мектеп-лицей-интернат директоры Қ.Ақишева күн тәртібіндегі мәселемен таныстыра келе, «Мектептің өзін-өзі бағалауды өткізу» туралы есебін берді. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығына сәйкес мемлекеттік аттестаттау алдындағы мектеп-лицей-интернатқа оқу нәтижелеріне бағалау қолдану арқылы мемлекеттік аттестаттау басталғанға дейін бір ай мерзімінде өткізілгенін айтты. Бағаланған кезең бұрын өткен екі оқу жылы мен ағымдағы оқу жылы (2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары) болып табылды. Онда:

Алғашқы бөлімде білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері, заңды тұлғаның байланыс деректері, заңды тұлға өкілінің байланыс деректері, құқық беруші және құрылтайшы құжаттар, рұқсат етуші құжаттар туралы мәліметтер көрсетілген.

Өзін-өзі бағалау құрылымының екінші бөлімінде кадрлық құрамға талдау жасалған. Яғни, жоғары білімді педагогтер туралы мәлімет, басшының аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер, кемінде бес жылды бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер, соңғы 3 жылдағы педагогтердің үлесі, ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 бұйрығына сәйкес облыстық, республикалық, халықаралық жарыстарының жеңімпаздарын дайындаған педагогтер туралы

мәлімет, кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер берілген.

Үшінші бөлімде білім алушылар контингенті, деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер, сыныптардың толықтығы туралы мәліметтер, білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы ақпараттар баяндалған.

Төртінші бөлімде мектеп-лицей-интернаттың оқу әдістемелік жұмысына сипаттама берілді. Оның ішінде, оқу білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі, оқу жоспарын құру бойынша нормативтік құқықтық актілерің тізімдемесі, жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру, білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарын сіңіруде бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру туралы айтылған. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында жоспарланған және өткізілген іс-шаралар туралы, сонымен қатар бағаланған кезеңдердегі екі жылдың тәрбие жұмысы бойынша бағыттар мен ағымдағы оқу жылының бағыттарындағы ерекшеліктер, өзгерген тұжырымдама негізінде құрылған жоспардың жүйелі орындалып келе жатқаны туралы ақпарат берілген. Сонымен қатар білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру бойынша ҚР мемлекеттік рәміздерін насихаттау жұмыстарының үш жылдық талдамалық салыстырмалы сараптамасы, «Өзін-өзі басқару» ұйымы бойынша жүргізілген жұмыстың 3 жылдық талдамалық салыстырмалы сараптамасы, «Ділмар», «Драма» клубтары бойынша жүргізілген жұмыстың 3 жылдық талдамалық салыстырмалы сараптамасы, құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарының 3 жылдық талдамалық сараптамасы көрсетілген. ҮОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтерін іске асыру, «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы оқу, «Жол қозғалысы ережелері» міндетті оқу курсы іске асыру, білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемінің сәйкестігі және сақталуы, инвариантты және вариативті компоненттерін құрайтын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҮОЖ белгілеген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы туралы ақпарат берілген. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша апталық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарында (инвариантты және вариативті) айқындалған оқу жұмыстарының барлық түрлерін қамтиды. Алайда, мамандандырылған мектеп-лицей – интернаты арнайы білім беру ұйымы болып есептелмейді. Білім алушылардың арасында даму бұзушылығы бар білім алушылар мен ерекше білім беруді қажет ететіндер анықталмағандықтан, оқу жоспарларында даму бұзушылығының түрін ескере отырып, міндетті түзеу компоненті қарастырылмаған. Сыныптарды топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, 2023-2024 оқу жылында сыныптарды топтарға бөлу «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 5-қосымшаның 2- тарауындағы 17 тармақшасы негізінде жүзеге асырылды. Ағылшын тілі пәні 7-11 сыныптарда екі топқа бөлініп оқытылуда. Алгебра пәні 10-11-сыныптарда, физика 10-11-сыныптарда, информатика пәні 7-11 сыныптарды екі топқа бөлініп жүргізілуде. Дене шынықтыру және орыс тілі мен әдебиеті пәндері де 7-11 сыныптарды екі топқа бөлінді. 2022-2023 оқу жылында 248 оқушы, 2023-2024 оқу жылында барлығы 241 оқушы білім алды. 2024-2025 оқу жылында 256 оқушы білім алуда.

Олардың арасында инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар тіркелмегендіктен, ерекшеліктері ескерілген арнайы топтар құрылған жоқ.

Бесінші бөлімде оқу-материалдық активтер бойынша ақпараттар берілген. Ғимарат туралы мәлімет (ғимарат типі, салынған жылы, жобалық қуаты, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарға қажеттілік және т.б) білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі материалдық активтердің болуы туралы мәліметтер, білім алушыларға медициналық қызмет көрсету туралы мәліметтер; edu.kz аймақта үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы туралы мәліметтер, жеке пайдалануға арналған жабдықталған шкафтардың болуы туралы мәліметтер, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы туралы мәліметтер, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы туралы мәліметтер, білім беру ұйымдарының жабдықтармен және жиһаздарымен жарақтандырылуы туралы ақпарат көрсетілген.

Алтыншы бөлімде оқу және көркем әдебиеттің, кітапхана қорының болуы туралы мәліметтер, интернет желісіне қосылған компьютерлердің, компьютерлік сыныптарының болуы туралы мәліметтер баяндалды.

Жетінші бөлімде білім алушылардың білімін бағалау нәтижелеріне сипаттама берілді. Үлгілік оқу бағдарламаларына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес тиісті білім берудің әрбір білім беру саласы бойынша білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және формативті және жиынтық бағалау талаптарын сақтау туралы ақпарат көрсетілген. Мектеп-лицей-интернаты білім алушылардың білімін бағалау 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары кезеңдерінде «Білім алушылардың үлгерімін, аралық және қорытынды аттестаттаудың үлгілік ережелерін бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына сәйкес жүргізілді. Пән бойынша бөлімдік және тоқсандық тоқсандық бағалау оқу жылының басында бекітілген кесте бойынша өткізілді. Сонымен қатар, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес өткізу кезінде инклюзивті білім беру талаптарын орындау (даудың бұзылуын және әлеуметтік бейімделуді түзету) мәселесіне қатысты түсінік берілген. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың тең құқылы болуға және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынаста болуына, қоғамдық ортаға қолжетімділігін қамтамасыз етуге, жақсы өмір сүруіне ықпал ету әрбір азамат міндеті. Осы бағытта 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында мектеп-лицей-интернаттың психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарының тереңдетілген тексеру нәтижелері бойынша білім алушылардың арасында оқыту қиндықтары бар балалар анықталмаған, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар орталығында тіркелмеген.

Сегізінші бөлімде білім беру процессінде қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамалық қорытындысы жарияланған. Сауалнамада барлығы 49 білім алушы қамтылды. Олардың 96,1 пайызы көрсетілетін білім беру қызметінің деңгейіне қанағаттанған. Сауалнамада 9-сыныптарда сабақ жүргізетін барлық 21 мұғалім қамтылды. Мұғалімдер арасында сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанатын мұғалімдердің саны 21, ол 100 пайызды құрайды. Сауалнамада барлығы 49 ата-ана қамтылды. Ата-аналар арасында білім алушылардың дайындық деңгейіне 49 ата-ана қанағаттанған. Ол 97,3 пайызын құрайды.

Тоғызыншы бөлімде кемшіліктер мен ескертулер, олардың шешу жолдары қамтылды. Бағаланатын кезеңдегі оқу жылдарына талдау жүргізу нәтижесінде бірнеше кемшіліктер мен ескертулер анықталды. Мектеп-лицей-интернат педагогтерінің жалпы санынан жоғары және

бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі 45 пайыз болуын; Күнделік кз электронды журналына интернет байланысының жылдамдығының баяу жұмыс жасауына байланысты және Күнделік кз жүйесінің техникалық тұрғыда тұрақсыз жұмыс істеуіне байланысты мұғалімдердің қойған белгілерінің дұрыс түспеуі кемшілік ретінде қарастырылды.

Өзін-өзі бағалау құрылымының онынышы бөлімінде қорытындылар мен ұсыныстар қамтылды. Мектеп-лицей-интернаты бағаланған кезеңде оқу жұмыс жоспарларының пәндеріне сәйкес тиісті бейіндері бойынша жоғары педагогикалық білімі бар педагог кадрлармен жасақталған. Мектеп-лицей-интернат педагогтерінің сапалық құрамының басым бөлігі білімді, 20 магистрлік дәрежесі бар, сонымен қатар, инновациялық, отандық, халықаралық озық тәжірибелер мен ақпараттық-коммуникациялық технологияны меңгерген, ағылшын тілі пәнін және жаратылыстану-математикалық пәндерді ағылшын тілдерде еркін жүргізетін жас мамандардан құралған. Оларға жоғарғы оқу орындарынан алған білімдерін тәжірибеде сапалы іске асыру үшін тәжірибелі педагогтер тарапынан әдістемелік сүйемелдеу жүргізіледі.

Мектеп-лицей-интернаттың материалдық-техникалық базасы мемлекеттік білім беру стандартын толық көлемде орындауға, оқу үрдісі мен сыныптан тыс іс-шараларды қажетті әдістемелік деңгейде жүргізуде толық мүмкіндік жасайды. Пән кабинеттері толық жабдықталып, қажетті оқу-зертханалық, техникалық оқу құралдарымен қамтамасыз етілген. Қазақстан Республикасының тәрбиеге қатысты нормативтік талаптары орындалған. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша барлық бағыттарда жұмыс жүргізілуде.


Қаулы етті:

1. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығына сәйкес өткізілген өзін-өзі бағалау нәтижелерінің қорытындысында анықталған кемшіліктер ескерілсін және мәселелердің шешу жолдары қарастырылсын.

2. «Мектеп-лицей-интернаттың өзін-өзі бағалау» қорытындысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Қызылорда облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне жолдансын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы

Хатшы



М.Бекишова

Д.Есниязова